

Литва Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 23 наурыздағы N 2143

Қазақстан Республикасының Литва Республикасымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуына байланысты қаулы етемін:

1. Литва Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылсын.
2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Елшілігінің штат кестесін және шығыс сметасын анықтасын

Қазақстан Республикасының
Президенті